

БЕКІТЕМІН

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы»
МККК басшысы

 С. Дауешова
2025 жыл « 13 » қауыр

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері арасында өтетін «Үздік бейне ұйымдастырылған іс-әрекеті» қалалық байқауының ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы «Үздік бейне ұйымдастырылған іс-әрекеті» қалалық байқауының ережесі (бұдан әрі - Ереже) мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтері арасында үздік бейне ұйымдастырылған іс-әрекеті туралы қалалық байқауды (бұдан әрі - Байқау) өткізу тәртібі мен шарттарын анықтайды.
- 1.2. Байқау қашықтан өтеді.

II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

- 2.1. Мақсаты: ұйымдастырылған іс-әрекеттің үздік бейнелерін таңдау, педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру.
- 2.2. Міндеттері:
- 1) білім беру ұйымдары педагогтерінің озық тәжірибесін анықтау және тарату;
 - 2) педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға ықпал ету;
 - 3) Елордалық электронды мектеп (Elordamektep.kz) платформасы мен ақпараттық алаң жұмысын жандандыру.

III. Байқауды өткізу тәртібі

- 3.1. Байқауды ұйымдастырушы: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МККК.
- 3.2. Байқаудың материалдарын іріктеу мақсатында қазылар алқасының құқықтары берілген сараптамалық комиссия құрылады.
- 3.3. Сараптамалық комиссияның құрамына Әдістемелік орталықтың қызметкерлері, жоғары оқу орындары мен колледждердің оқытушылары, педагог-зерттеуші, педагог-шебер мамандар, әлеуметтік серіктестер кіреді.
- 3.4. Сараптамалық комиссияның мүшелері, байқауға қатысушылардың ұсынылған материалдарына сараптама жүргізеді, жеңімпаздарды анықтайды.
- 3.5. Байқауға қатысу үшін 2025 жылғы 14 қарашаға дейін n.zhaumbayeva@astana-modern.edu.kz электронды поштасына осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес өтінім, 2-қосымшасына сәйкес ұсыныстары ескеріле отырып әзірленген бейне ұйымдастырылған іс-әрекетін ұсынады.

 

3.6. 2025 жылғы 17-21 қараша аралығында Қазылар алқасының мүшелері бейне ұйымдастырылған іс-әрекет материалдарына сараптама жүргізіп, қорытындысын шығарады.

3.7. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес әзірленуі тиіс.

Байқауға қатысушылар мектеп жасына дейінгі (*кіші, ортаңғы, ересек*) топтарының жас ерекшеліктерін сақтай отырып, тәрбиеленушілердің қатысуынсыз түсірілген 1 бейне ҰІӘ ұсынуы керек.

3.8. Өз жұмысын жібере отырып, автор ұсынылған материалды олардың қалауы бойынша тегін (сыйақы төлемей) пайдалануға, оның ішінде бейнероликті көпшілікке таратуға, интернет желісінде, телебағдарламаларда орналастыруға, шығармашылық жобаларға енгізуге, БАҚ-та жариялауға, одан әрі көбейтуді, шығармашылық қайта өңдеуді жүзеге асыруға автоматты түрде (бірақ шектемей) шартсыз құқық береді. Жіберілген бейнематериал рецензияланбайды және қайтарылмайды.

IV. Мазмұнына қойылатын талаптар

4.1. Бейне ұйымдастырылған іс-әрекетке қойылатын талаптар:

- мектеп жасына дейінгі (*ерте жас, кіші, ортаңғы, ересек*) топтары балаларының жас ерекшелігіне сәйкестігі;
- мазмұнның сапасы;
- ҰІӘ құрылымының сақталуы;
- рәсімделу және түсірілім сапасы;
- өзіндік ерекшелігі;
- шығармашылық дербестігін көрсетуі;
- материалдарды алдағы уақытта кенінен пайдалану мүмкіндігі.

V. Бейнематериалдарға қойылатын техникалық талаптар

- 5.1. Форматы – mp4 - HD (1280x720) төмен болмауы тиіс.
- 5.2. Бейнематериалдың ұзақтығы - 5 минуттан 10 минутқа дейін.
- 5.3. Үшінші тараптағы аудио және бейнеконтент өндірушілерінің авторлық құқықтары сақталуы тиіс.
- 5.4. Бейнематериал сапалы дыбыспен сүйемелденуі тиіс.
- 5.5. Екі немесе одан да көп көріністердің түйістері (монтаждау желімдері) ешқандай өтпелі әсерлермен бірге жүрмеуі тиіс.

VI. Байқау қорытындысы

- 6.1. Сараптамалық комиссия бағалау парағының (*3-қосымша*) талаптары бойынша сараптама жүргізіп, жеңімпаздарды анықтайды.
- 6.2. Жүлделі I, II, III орын иегерлеріне диплом және бағалы сыйлықтар табысталады.
- 6.3. Жұмыстар осы байқаудың критерийлеріне сәйкес келген жағдайда қатысушыларға сертификат беріледі.
- 6.4. Байқау нәтижелері шешім шығарылған күннен бастап он күннен кешіктірілмей «Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК <https://astana-modern.edu.kz/> сайтында жарияланады.

**«Үздік бейне ұйымдастырылған іс-әрекеті»
қалалық байқауына қатысуға
ӨТІНІМ**

Мені байқауға қатысуға жіберуіңізді сұраймын.
Өзім туралы мына мәліметтерді хабарлаймын:

1	Т.А.Ә. (толық)	
2	Лауазымы, жұмыс өтілі, санаты	
3	Білім беру ұйымының атауы, электронды мекенжайы	
4	Бейне ұйымдастырылған іс-әрекеті авторының электронды мекенжайы	
5	Байланыс телефоны	
6	Бейне ұйымдастырылған іс-әрекет атауы	

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің бейне жазбасын дайындау кезіндегі ұсынымдар.

1. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің жоспарын дайындаңыз. Материалдың мазмұндылығы мен ақпараттылығына, қолжетімділігіне және қысқа болуына назар аударып отырып, ҰІӨ барысын нақты жазуыңыз қажет.
2. Бейнероликті құруда жанаша дидактикалық көрнекіліктерді қолданыңыз. Сөзіңізді неғұрлым көркем ету үшін интернеттен лайықты суреттерді, қажет заттарды қолданыңыз немесе *Canva* бағдарламасымен презентация құрастырып, алынған лайықты суреттерді баланың жас ерекшелігіне сәйкес келуін қадағаланыз, дайындалған материалды дыбыстанызы.
3. Жеке қасиеттеріңізге назар аударыңыз: жалпы эрудиция, балалармен қарым-қатынас жасау стилі, сөйлеу мәдениеті мен сауаттылығы (дикция, қарқын, көркем сөйлеу), оқу материалын бірнеше рет дауыстап айтып, дайындалу қажет.
4. Камера мен микрофонды таңдаңыз. Бейнероликтің табысты болуының басты шарттарының бірі - бейне мен дыбыстың айқындығы, камераның «дірілі» мен дыбыс қаттылығының ауытқуын болдырмау, кадрда бөгде заттар мен шулы кедергілердің болмауы.
5. Бейнероликті жазыңыз және оны өңденіз. Бейнероликті бөліктермен жазуға, содан кейін оны құрастыруға болады.
6. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің бейнеролигі электронды түрде Орталықтың n.zhaumbayeva@astana-modern.edu.kz электронды поштасына жіберіледі.

Бағалау парағы

Аты-жөні _____
 № _____ балабақшасы
 Білім беру дағдысы _____
 Жас тобы _____
 ҮІӨ _____
 Тақырыбы _____

№	Ұйымдастырылған іс-әрекетін (ҮІӨ) бағалау критерийлері	Төмен деңгей	Орташа деңгей	Жоғары деңгей
		1 ұпай	3 ұпай	5 ұпай
1	ҮІӨ мақсаты мен міндеттерінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігі			
2	ҮІӨ құрылымының сақталуы			
3	ҮІӨ ұйымдастыру әдіс-тәсілдері			
4	ҮІӨ ұйымдастыру формаларының алуан түрлілігі			
5	Педагогтің жеке қасиеттері: - пәндік құзыреттілігі; - жалпы эрудициясы; - сөз мәдениеті мен сауаттылығы (дикция, қарқыны, көркем сөйлеуі, жалпы және нақты сөз сауаттылығы) педагогтің жалпы мәдениеті			
6	ҮІӨ жоспарлау сапасы: сюжетті желіні құру логикасы, оңтайлылығы, таңдап алған фрагменттерінің мазмұндылығы мен ақпараттылығы			
7	ҮІӨ қоса берілген материалдардың сапасы: жоспар (конспект), өзіндік талдау			
8	Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану тиімділігі			
9	Бейне ұйымдастырылған іс-әрекеттің жазбасы мен монтажының техникалық деңгейі			
10	Жалпы ұпай			

Ескертпе: _____

Қазылар алқасы мүшесінің аты-жөні

(қолы)